


Еңсөлі егемендікті алғанымызға биыл аттай 30 жыл толып отыр. Сындарлық қоғамдық диалог құрып, рухани жаңғырган төуелсіз қоғамның бүгінгі келбеті де айрықша. Тәуелсіздік дәуірінде қол жеткен табыстарымыз берілгенде да Елбасымыздың өлшеусіз еңбек сініргені даусыз. Тәуелсіздік – ұлы ұғым. Енді осы ұлы ұғымды рухани жаңғырумен сабактастыруды жөндейп таптық:

Жалғанға Жаратқанның қалауымен келген екі аяқты, жумыр басты пәнденін гүмір бойғы жасап кететін амал-әрекеттерінің барлығы оның пешенесіне әлмисақтан-ақ жазылған. Кер заманнын кесірі мен кесаптынан қайыспағаннан

РУХАНИ ЖАНҒЫРУ



ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



қаламымыздың қуаты жетпейтін де шығар, бәлкім. Заманы алмағайып болған соң бес қаруын сайланды. Хан деген биік дәрежеге батырлық аты сынар болды. Қысқасы, сағ ақылы һәм данқымен шартарапқа мәшінр хан атанса, қынындағы қылышымен шалқыншы Шарыштың басын шауып, қас-дұшпаның қалтыратқан мүйізі қарағайдай батыр болды.

Жігітте де жігіт бар,
Азаматы бір бөлек;
Жылқыда да жылқы бар,
Қазанаты бір бөлек,

басына келген кеселдердің алдын алуға рухани қажыр-қайрат қажет екендігін үккен болатын. Ол дегениміз – халықты жаппай сауаттандыру һәм қара ормандай қалың үлттың үйқыдан ояту. Аханың:

Үйқысын аз да болса
бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына
зынындаса,
-дегініндей шырт үйқыдағы
өлді оятудың құралы ол – үлттық
сананы дамыту, оған сілкініс
беру. Үлттық санасы белгілі бір
дәрежеде дамыған улт Елбасы

да жеттік. Ендігі алға қойған мақсат, орындалар міндет – тәуелсіздігімізді қияметке дейін сақтап қалу. Мәнгілік ел болу. Қош, мұның бәрін іс жүзінде іске асырmasақ, құр айғаймен долбарлаудан ештеме шықпасы белгілі. Кешегі арыстар салып кеткен сара жолды жүзеге асырамын дегенге бүгінгі таңда Елбасымыз не істеу керектігін нақтыладап беріп отырған жоқ па? «Мен қазақстандықтардың өшқашан бүлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын.

Біріншісі – үлттық код, үлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды.

Екіншісі – алға басу үшін үлттың дамуына кедергі болатын еткеннің көртартпа тұстарынан бас тарту керек».

Түсінгенге «үлттық кодтың» негіздерін Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзі атап көрсетеді. «Үлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз берілген музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзben айтқанда үлттық рухымыз бойымызда мәнгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір пәннен ғана». Ол үлттық салттың



сон ба «Кайратты ерге бак тұрар» дегі алысты айытпай болжай білген дана қазақ. Бақсак, «қайратты ер» деген тіркесті есімізге Тәнірдің өзі туірді ме, кім біледі? Біздің туисінігіміздегі бул атау Абай әкемнің «Есті адам» атты үғымымен ұштасып кетегендій. Сонымен «есті адамға» сипаттама берген сыншы Абай не депті? «Есті адам орынды іске қызығып, күмарланып, іздейді екен-дағы, күнінде айтса құлақ, ойлантса көніл сүйсінгендей болады екен» деген түігіті. Көніл сүйсінудің бір сырьы Құнанбайдың баласы айтқандай ақыл, қайрат, жүрек деген дүниелерінде жатыр. Шынында да со үшеуін («ақыл», «қайрат», «жүректі») тен ұстаған пенделерге қарап бағамдасаң, қамықкан көніл шіркінің бір сүйсінгендей болады екен. Неге дерсіз, таңданып. Өйткені, тағы да сол данышпанның айтқанында: «Өзін үшін енбек қылсан, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін енбек қылсан, Алланың сүйген кулының бірі боласың». Міне, айтқымыздың келгені, адамшылықтың қарызы үшін енбек еткендер – сол «ақыл», «қайрат», «жүректі» бір арнаға үйістырып, үлтymын табанына кірген тікен мандайыма қадалсың деген елінің ертеңіне аландаган Алаштың біртуар азаматтары еді. Олар өділ басшы ғана болып қойған жоқ, бір ғана сүретін ғұмырын тұған халқына бақыт сыйлауга арнады. Қара басының қамын емес, қара қазақ, сары баланың ертеңі күніне

аландады. Қаламын алды, қала берді қаруын сайлады. Осындаи кемелді, көреген көшбасшыларды Құдайым қазакқа тарту етті. Шүкір. Тарихта есімдері кияметке дейін алтын әріппен қашалған дара тұлғаларға деген біздің күрметіміз шекіз, әлбette. Өйткенмен, жүректегі үлтқа деген маҳаббатты сезінгенде, үш қайраткерді дәрілтеуді өзімнің азаматтық борышымыз деген санадық: «Көргенді кісі көргенін айттар» демекші, көргеніміз көл болмаса да, түйгөнімізді тарқатсак деген ниет кой біздік! Олар: Абылай хан, Әлихан, Нұрлы Султан (Нұрсултан Назарбаев). Бірі: кешегі көшпелі уақытта қазақ халқы жонғар мен қалмақтың усында умаждалып, буйідей тиғен орыстың боданына тап келіп, «ақтабандай шұбырып, алқакөлдей сұлаған» дәүірде тарыдай шашылған үш жүздің баласын бір тудың астына жиды. Мақсат: «қорлық өмірден, ерлік елім артық». Бұқарша айтсақ:

Жиырма бескө келгенде,
Бакты берді басына,
Тақты берді астына.
Отыз жасқа келгенде
Дүниедей кен едін.
Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының
Атының басын
бір кезенге тенедін.

Бұл Абылайдай алыптың
Бұқар жырау дүниетанымындағы
болмысының бір ғана тамшысы.
Айта берсөң таң таңға жалғасады,

Жігітте де жігіт бар,
Азаматы бір бөлек;
Жылқыда да жылқы бар,
Казанаты бір бөлек,
дегендеге мұндаи ежеттіліктің
қазакқа ғана тән екемнің айғасы
бул.

Ендігі әлкисса Әлекен (Әлихан Бекейханов) хакында болса, біздің мақсат – «Қыр баласының» (Әлиханның пакап аты Ә.И.) мандайалды тұстарын там-тұмдап айтту. Үш жүздің баласын бір тудың астына жинаған арғы Абылайдың ізімен сол мүддені көзделген Бекейханов болатын. Алаш идеясымен елінің елдігін сактап қалғысы келді, көрегенің шайқалуына шырай танытпады. Қызылтимперия да иттігінен жерімді. Арманы асқак мақсаттарға кісен салып, мүмкіндітерін буғаттаған кеңестік идеология өкінішке орай отан ырық берген жоқ. Карап жатпады. Үлттық күртудың қаупті вирусын іздеді, тапты. Елдігіне, жеріне, дініне тотияйын тастау арқылы көзделген мақсатына кол жеткізіп отырды. Сөзсіз неге дерсіз. Бұған жауапты Елбасының мақаласынан табамыз:

«Өткен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалан да зұлмат ғасыр болды.

Біріншіден, үлттық дамудың ықылым заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола қүйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.

Екіншіден, үлтymызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері өлі жазылмай келеді.

Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады.

Төртіншіден, еліміздің көптеген енірлері экономикалық апат аймақтарына айналды».

Әлекен бастаған Алаш зияльшары осындағы елдін

елді оятудың құралы ол – үлттық сананы дамыту, отан сілкініс беру. Үлттық санасы белгілі бір дәрежеде дамыған үлт Елбасы айтқандай: «тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың кеюккістерін үйлесімді сабактастыратын үлт жадының туғырнамасы» болып қалыптасады. Сол туғырнаманың еркендеуіне өткен ғасырдың көртартпа идеологиясы құлықсыздық танытып, тақиямымызды теріс айнапдырып кигізуғе тырысып бақты. Келешек үшін құрылған ұлы мақсаттарға ықтап мөр басылды. Ерім дәп енірекен ерлерді шибері-жалмауыздар жалмап-жасқап отырды. Бұл деген көтемде көгерген мәуелі жемісті бутағанмен бірдей шығар, сірә. Оларға керегі: «үйілген өлексөні өрге сүйремеу». Байтурсыновша айтсақ:

Қырағы, қия жазбас,
сұнқарым-ай!

Қажымас қашық жолға,
тұлпарым-ай!

Үйілген өлексөні
өрге сүйреп,
Шығармақ қыр басына,
інкөрім-ай!

Иә, халықты қыр басына
шығармақ болғандарды
кенес үкіметі сол қырға
лақатын қаздырды. Мәйіттерін тұған топырақтан жыраққа аластatty. Елім, жерім деген

абыздарымыздың көбіне
біссмілә айтып, жаназа көтеріп
соңғы сапарға шығарып салу,
амал нешік, бізге бұйырмапты,

Тәнір оны тағдырымызға
жазбапты.

* * *

Не десек те қанағат етіп,
шүкір дейтін күнді де көрдік.
Құдайға тәубә. Шәкәрімнің:
«Бостандық таны атты,
қазағым көріндер», - дейтін
жарқын күннің шуақты шағына

жаржарынан құрмайтының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – булар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы гана». Осытой «култтық код» деген, пайымдағанға Тамырың терең, құлттық болы осындағы дүниелерден бастау алады. Өйткені бул үгым бізге жат емес, керінше біздің үлттық санамыздың сынары болуға тиіс. Ол үшін тағы да Шәкәрім ақын айтпақшы:

Бірлік пен талапты
енбекке салындар,
Әнерлі елдерден
әнеге алындар.
Күндестіктің өзімшіл
көзін күртых,
Ұмтылып, ерікті ел
болып қалындар.

Адамзат тарихында, соның ішінде үлттық мүдде жолында өзінің есімдерін ойып жазған тұлғалардың да айтары осы. Себеп, олар халықтың бағзы заманнан бері жалғасып келе жатқан «үлттық кодын» сақтау жолында аянбаған нағыз қурескерлері еді. Міне, ағайын. Тәуелсіздіктің негізгі бағыты да – рухани жаңғыру жолына сапар. Олай болса Жаратқаннан өткенге салауат, келер күннен игілік сұрайық. Қазақ үшін 30 жылдықтың белесі оңайға тускен жоқ. Қолда бар алтынның қадірін білейік. Бағымыз мәнгі баянды болсын, Қазақ елі!

Айқол ҚАЛШАБЕК,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Мұхтартану» ғылыми
орталығының аға ғылыми
қызметкері,
Нагима БАЗАРБЕКОВА,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
қазақ тілі мен әдебиеті
кафедрасының аға
окытушысы,
Үкілімай ИСАБЕК,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының 2-курс студенті.